

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 5 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын қызметтерінен босату туралы.

Бұл мәселе бойынша Президенттің тиісті ұсынуы Сенатқа келіп түсті.

Мемлекет басшысының ұсынуын жариялау үшін сөз Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы Малахов Дмитрий Михайловичке беріледі.

МАЛАХОВ Д.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! На ваше рассмотрение внесено представление Главы государства об освобождении Кенжегарина Аскаржана Капезовича, Мусабековой Газизы Шамшидиновны от должностей судей Верховного Суда в связи с уходом в отставку.

Оба судьи имеют опыт судейской работы более 30 лет.

Аскаржан Капезович был председателем судебной коллегии по уголовным делам суда города Астаны, более 8 лет является судьей Верховного Суда.

Газиза Шамшидиновна возглавляла судебную коллегию по уголовным делам Жамбылского областного суда, более 10 лет является судьей Верховного Суда.

Еще один судья Верховного Суда Шермухаметов Бейбут Бекмухаметович достиг пенсионного возраста.

Бейбут Бекмухаметович 26 лет работает судьей, из них более 19 лет – судьей Верховного Суда.

Все судьи имеют безупречную репутацию, пользуются заслуженным авторитетом в судейском сообществе.

Уважаемые депутаты, просим вас поддержать представление Главы государства об освобождении от должностей судей Верховного Суда Кенжегарина, Мусабековой в связи с уходом в отставку, Шермухаметова в связи с достижением пенсионного возраста. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дмитрий Михайлович.

Ұсынылған кандидатуралар алдын ала Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінде талқыланды.

Комитеттің қорытындысын жариялау үшін сөз комитет төрағасы Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті өзінің кеңейтілген отырысында Қазақстан Республикасының Президенті қызметтерінен босатуға ұсынған Жоғарғы Соттың судьяларының кандидатураларын талқылап, қарау нәтижесі бойынша қорытынды шығарды.

Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуы негізінде және Конституцияның 55-бабы 1) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 22-бабына, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 34-бабы 1-тармағы 1) және 12) тармақшаларына сәйкес комитет Парламент Сенатына:

Асқаржан Қапезұлы Кенжеғаринді, Ғазиза Шәмшиденқызы Мұсабекованы орнынан түсуіне байланысты;

Бейбіт Бекмұхаметұлы Шермұхаметовті зейнеткерлік жасқа толуына байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьялары қызметтерінен босатуды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше шешім қабылдау үшін дауыс беру тәртібін белгілеп алайық. Шешімді ашық дауыс беру арқылы әр кандидатура бойынша жеке-жеке қабылдау ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса алдымен Кенжеғарин Асқаржан Қапезұлын Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Мұсабекова Ғазиза Шәмшиденқызын Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Шермұхаметов Бейбіт Бекмұхаметұлын Жоғарғы Сот судьясы қызметінен босату туралы Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Әріптестеріміз өздеріне жүктелген жауапкершілігі мол міндетті абыроймен атқарды. Алдағы уақытта барлық істеріне сәттілік тілейміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Нәутиев Әлібек Ибатуллаұлына беріледі.

НӘУТИЕВ Ә.И. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады.

Қарастырылып отырған келісімнің мақсаты тауарларды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету кезінде олардың шығу тегін анықтау, куәландыру және растау тәсілдерін сәйкестендіру үшін құқықтық негізді қамтамасыз ету.

Келісімде тауарлардың шығу тегін анықтаудың бірыңғай белгілері анықталды. Елде толығымен өндірілген тауарларға пайдалы қазбалар, өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдері, сондай-ақ электр және жылу энергиясы және басқалар жатады. Бұл ретте жуу, буып-түю және қарапайым құру операциялары сияқты тауардың шығу тегіне әсер етпейтін операциялардың тізбесі айқындалды. Келісімге сәйкес тауарларды одақ аумағынан әкету кезінде олардың шығу тегін растау, әкету баждарын және тарифтік емес

реттеу шараларын қолдану шығарылған елге байланысты болған жағдайларда жүзеге асырылады.

Ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында аталған шаралардың бірыңғай тізілімін жүргізу өкілеттігі Еуразиялық экономикалық комиссияға беріледі. Сондай-ақ келісім шеңберінде уәкілетті және тексеруші органдардың функциялары айқындалды. Өндірістік үй-жайларды инспекциялауды және экспорттаушылардың коммерциялық құжаттамасын тексеруді қоса алғанда тексерулер жүргізу тәртібі белгіленді. Бұдан басқа келісімде электрондық верификация жүйелерін құру арқылы рәсімдерді цифрландыру мәселелері реттелген. Бұл үшінші елдердің құзыретті органдарына сертификаттардың түпнұсқаларын нақты уақыт режимінде жедел тексеруге мүмкіндік береді және қазақстандық тауарлардың сыртқы нарықтарға қолжетімділігін айтарлықтай жеңілдетеді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының деректеріне сүйенсек, 2025 жылы Қазақстанда 118 мыңға жуық экспорттық сертификат берілді. Бұл ретте оның 35 пайыздан астамы тамақ өнеркәсібіне, 21 пайызы металлургияға және 16,5 пайызы ауыл шаруашылығына тиесілі. Бұл салалар үшін келісімде өндірушіні қайта орау немесе жуу сияқты «қарапайым операциялармен» айналысатындардан бөлу көзделеді. Ол өз кезегінде сыртқы нарықтарда «Made in Kazakhstan» брендин қорғауға мүмкіндік береді.

Келісімнің тағы бір маңызды тармағы – цифрландыру. Елімізде бұған толық негіз құрылған деуге болады, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы өтінімдерді беруді және қорытындыларды қалыптастыру шараларын толық электрондық форматқа көшірген.

Келісімді ратификациялау бізге келесі қадамды жасауға мүмкіндік береді, яғни электрондық тексеру жүйесін іске қосу, бұл шетелдік кеден қызметтерінен нақты уақыт режимінде тауардың шығу тегін бірден растай алатын қолмен сұраныстардың санын азайтуға мүмкіндік береді. Келісімді ратификациялау экспорттық ағындарды бақылаудың үйлестірілген тетігін құруды қамтамасыз етеді, Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығын қорғауға мүмкіндік береді және сыртқы экономикалық қызметтің сенімді қатысушылары үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ. Заң жұмыс тобы мен комитет отырысында жан-жақты және толыққанды талқыланып, қаралды.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Бекенов Нұрлан Жексембайұлына беріледі.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Сауда және интеграция министрлігіне.

Құрметті Жанель Сабырқызы! Готов ли Казахстан к переходу на электронные сертификаты и самостоятельное декларирование происхождения товаров (инфраструктура, связь, цифровые платформы, кадровый резерв, телекоммуникации и так далее)?

Как будет осуществляться контроль за достоверностью сведений о происхождении товаров? Повлияет ли это на конкурентоспособность казахстанских товаров? И может ли ужесточение критериев происхождения сократить реэкспортные схемы и теневой оборот? Рақмет.

ТӨРАҒА. Сауда және интеграция вице-министрі Кушукова Жанель Сабырқызы, жауап беріңіз.

КУШУКОВА Ж.С. Сұрағыңызға рақмет.

По электронной сертификации. Сертификаты уже выдаются в электронном формате через электронную систему НПП «Атамекен». Здесь уже все предусмотрено.

Что касается самостоятельного декларирования. Декларирование уже осуществляется самостоятельно. Это касается товаров стоимостью ниже определенного порога, дешевых партий. Например, в рамках Содружества Независимых Государств это меньше 5 тысяч долларов.

Декларирование осуществляется самостоятельно путем прописывания страны происхождения товаров, каких-то сопроводительных документов. Здесь специальной верификации не требуется.

Что касается контроля достоверности сведений. Достоверность будет осуществляться (в принципе, она и сейчас осуществляется) через систему верификации сертификатов страны происхождения. То есть когда страна в чем-то сомневается, запрашивает официально у уполномоченных органов другой страны, в нашем случае через Комитет государственных доходов, у НПП «Атамекен» запрашивается подлинность выдачи документа, а Комитет технического регулирования может подтвердить действительное соблюдение критериев достаточной переработки.

Что касается реэкспорта, то в данном случае этим соглашением предусматривается полномочие комиссии принять соглашение об утверждении специальных правил определения страны происхождения, когда товары в одной из стран ЕАЭС будут ограничены пошлинами или запретами. Тогда мы будем разрабатывать специальные правила под это. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Сауда және интеграция министрлігінің өкіліне.

Бұл келісім ортақ тәсілдерді үйлестіруге бағытталған. Осы келісімнің 5-бабында тауардың шыққан елін анықтаудың нақты талаптары белгіленген. Осыған байланысты мәселені нақтылап берсеңіз.

Қазақстандық өндірушілердің жаңа бірыңғай тізілімінен алынған үзінді көшірмесі біздің тауарларды экспортқа немесе транзитке шығару кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің кеден органдарына жеткілікті құжат ретінде қабылдана ма? Әлде экспорттаушыларға қосымша халықаралық сертификаттар алып, қосымша шығындар жасауға тура келе ме?

Жалпы, үшінші елдердің нарығына шығу кезінде біздің ұлттық тізілім талаптары мен осы келісім талаптарының арасында қарама-қайшылықтар туындап жүрмей ме? Рақмет.

ТӨРАҒА. Жанель Сабырқызы, жауап беріңіз.

КУШУКОВА Ж.С. Сұрағыңызға рақмет.

Я хотела бы сказать, что эти соглашения предусматривают правила определения страны происхождения товаров для стран, у которых нет своих правил определения страны происхождения товаров, не будет конфликта с их правилами и нашими правилами.

Как Вы отметили, в статье 5 прописываются критерии, когда мы предоставляем нашему товару либо нашему товару, произведенному с участием иностранных, статус произведенного, к примеру, в Казахстане, когда это идет на экспорт в третьи страны, и в третьих странах нет своих правил, то есть они только этими правилами предусматриваются.

Что касается взаимодействия с реестром казахстанских производителей, который у нас разрабатывается, то реестр только для внутреннего пользования, он для экспортной части не применим, он применяется только для внутреннего пользования для получения преференций при государственных закупках. Здесь тоже никаких противоречий не будет ни с реестром, ни с другими правилами третьих стран. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әлібек Ибатуллаұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! Формирование прозрачной и предсказуемой торговой среды является одним из фундаментальных условий укрепления экспортного потенциала нашей страны.

Рассматриваемое соглашение выступает ключевым инструментом в выстраивании современной системы подтверждения статуса товаров. Оно создаст правовую основу для единства подходов к определению, удостоверению и подтверждению происхождения товаров между странами ЕАЭС и нашими зарубежными партнерами, обеспечивая беспрепятственный доступ казахстанской продукции на внешние рынки.

Товарооборот Казахстана в рамках ЕАЭС за 11 месяцев 2025 года составил 27,2 миллиарда долларов. Более половины экспорта (51 процент) приходится на нефть и нефтепродукты. При этом в структуре импорта преобладают автомобили, лекарственные средства, автозапчасти и прочая продукция.

Основным партнером нашей страны остается Российская Федерация с долей 88,8 процента от общего объема внешнеторгового оборота в рамках ЕАЭС, за которой следуют Кыргызская Республика – 7,2 процента, Республика Беларусь – 3,8 процента, Республика Армения – 0,2 процента.

Именно поэтому внедрение единых правил игры по происхождению товаров критически важно для защиты отечественных товаропроизводителей в условиях тесной промышленной конкуренции.

Соглашение также наделяет Евразийскую экономическую комиссию правом вести единый реестр мер регулирования. Это обеспечит прозрачность для наших экспортеров, они будут заранее видеть все запреты, квоты и пошлины, зависящие от происхождения товара, что минимизирует риски внезапных убытков на границе.

Уважаемые коллеги! На основании вышеизложенного полностью поддерживаю данный закон, а также призываю вас одобрить его.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған заң Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде өндірілген тауарларды үшінші елдерге әкету кезінде туындайтын реттеу шараларын жетілдіреді. Атап айтқанда, тауарлардың шығарылған жерін айқындау, куәландыру және растау саласында бірыңғай тәсілдерді қолдану қарастырылған. Жалпы, бұл заңды мақұлдау Еуразиялық экономикалық одақ қызметінің тиімділігін арттыруға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2021 жылғы 16 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! 2021 жылы Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісім қабылданды және бұл келісім 2022 жылы ратификацияланды.

Законом предусматривается внесение изменений в соглашение.

Протоколом о внесении изменений в соглашение предусматривается замена слов «об опасной продукции» словами «не соответствующей требованиям технических регламентов Союза». Данная поправка значительно важна для субъектов предпринимательства в целях снижения возможных репутационных рисков для предпринимателей при использовании термина «опасная продукция».

Необходимо отметить, что термины «опасная продукция» и «продукция, не соответствующая требованиям технических регламентов» не тождественны. Опасная продукция подразумевает присутствие недопустимого риска характеристик продукции и ее потребительских свойств.

Ответственность за несоблюдение требований технических регламентов Союза несут юридические лица и индивидуальные предприниматели, изготовители, импортеры и продавцы.

На сегодня приняты 19 национальных технических регламентов, а также 52 технических регламента Евразийского экономического союза, из которых 48 вступили в силу.

В соответствии с постановлением Правительства определены уполномоченные органы, осуществляющие государственный контроль и надзор за соблюдением требований соответствующих технических регламентов.

Наибольшее число технических регламентов (35) закреплено за Министерством торговли и интеграции, за Министерством здравоохранения закреплено 22 техрегламента, за Министерством сельского хозяйства закреплено 10 техрегламентов.

Необходимо отметить, что соглашением предусмотрено обеспечение обмена информацией между государствами – членами ЕАЭС о продукции, не соответствующей требованиям технических регламентов Союза, для предупреждения ее обращения на внутреннем рынке.

В рамках функционирования системы информирования об опасной продукции осуществляется формирование, ведение и использование общих информационных ресурсов, а также обмен сведениями.

Система информирования о продукции, не соответствующей требованиям технических регламентов Союза, представляет собой часть интегрированной информационной системы ЕАЭС. Ее назначение заключается в обеспечении своевременного обмена сведениями между органами государственного контроля и надзора государств – членов ЕАЭС о продукции, которая не соответствует установленным требованиям технических регламентов.

По информации уполномоченного органа, в 2024 году в промышленную эксплуатацию введена цифровая система технического регулирования «КТРМ», которая объединила свыше 100 самостоятельных процессов в данной сфере.

Оцифрованы модули по сертификатам соответствия Республики Казахстан, ЕАЭС, декларациям Республики Казахстан, ЕАЭС, сертификатам услуг, сертификатам менеджмента, процесса.

Құрметті әріптестер, заңды қарастыру барысында Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертпелер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ. Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «2021 жылғы 16 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігінің өкіліне.

Біздің түсінуімізше «қауіпті өнім» терминін «техникалық регламенттерге сәйкес келмейтін өнім» деп ауыстырудағы басты мақсат — ұсақ қателіктер үшін тауарға «қауіпті» деген таңба басылмауына жағдай жасау. Сонымен қатар регламентте «ақпараттандыру жүйесіне бұрынғыша қателіктер туралы мәліметтер ешбір ерекшеліксіз енгізілетін болады» делінген. Осыған байланысты менде екі сұрақ бар.

Бірінші сұрақ. Министрлік ақпараттық жүйеде бұзушылықтардың әртүрлі түрлері үшін визуалды бөлуді, яғни түстік таңбалау немесе санаттарға бөлу сияқты механизмдерді енгізуді жоспарлап отыр ма?

Екінші сұрақ. Егер базада критикалық ақау мен этикеткадағы жай қате бірдей көрсетілетін болса контрагенттер мен банктер тауарды Еуразиялық экономикалық одақтың «қара тізімінен» көріп отыратын жағдай туындамай ма?

Осыған жауап берсеңіздер. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сауда және интеграция вице-министрі Әбілдабеков Айдар Ахметбекұлы, жауап беріңіз.

ӘБІЛДАБЕКОВ А.А. Сұрағыңызға рақмет.

Жалпы 2024 жылдан бері «е-КТРМ» жүйесі енгізілген. Ол жерде жүзден астам дербес үдерістер біріктірілген. Сол жерде де сәйкес келмейтін ақпарат қарастырылған

немесе маркировка жөнінде қарастырылмаған, болмаса анық жазылмаған болса олар бөлек-бөлек қарастырылып қойған. Сондықтан ол жерде шатасу болмайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Демек бұл мәселе сіздердің тараптарыңыздан реттеліп отыр. Тиісті құжаттар, керек актілердің бәрі бар деп айтып отырсыз ғой. Солай ғой?

ӘБІЛДАБЕКОВ А.А. Иә. Ол біздің ақпараттық жүйеде қарастырылғанымен қатар Еуразиялық одақта 37-ші үдеріс қарастырылған. Ол жерде де ол әлі іске аспаған. Ол жерде жүйе қалай жүргізіледі, ол жерде қандай ақпараттар қарастырылған, қалай бөлінеді, ол жүйе де бар. Бірақ осы ратификация біткен соң ол жүйе іске асады, ол жерде де сол бағытта жұмыс жүргізілетін болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Бауыржан Нұралыұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызына беріледі.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На сегодня имеются факты ввоза в страну различной некачественной продукции и продукции с поддельными сертификатами. Поэтому для защиты внутреннего рынка от фальсификата и разного уровня несоответствия необходимо привести в соответствие все важные документы Евразийского экономического союза на стадии ввоза и реализации продукции. Ключевая роль в системе технического регулирования должна быть отведена государственному контролю за продукцией на рынке, который обеспечивает безопасность населения.

Рассматриваемым сегодня соглашением предусмотрено функционирование системы информирования об опасной продукции для обеспечения безопасности продукции, обращаемой на территории ЕАЭС.

В тексте соглашения вносятся изменения путем замены слов «опасная продукция» словами «продукция, не соответствующая требованиям технических регламентов Союза».

К примеру, нарушение маркировки продукции, ее упаковки, несоответствие содержания продукции, указанной на ней информации, нарушение условий хранения будут основаниями отнесения произведенной продукции к категории опасной. В свою очередь, опасная продукция подразумевает присутствие недопустимого риска характеристик продукции и ее потребительских свойств.

Необходимо отметить, что в отношении продукции, не соответствующей требованиям технических регламентов, проводится государственный контроль в соответствии с требованиями Предпринимательского кодекса.

По информации Министерства торговли и интеграции, по итогам 2025 года проведено более 8 тысяч мероприятий государственного контроля. Нарушения выявлены в 4 415 случаях, то есть в половине из них.

В рамках контрольных мероприятий приостановлены 42 аттестата субъектов аккредитации, отменены более 17 тысяч документов по подтверждению соответствия. По

результатам контрольных закупок 198 образцов реализуемой продукции нарушения выявлены в 56 процентах случаев.

Как отмечено выше, основной целью интегрированной информационной системы ЕАЭС является создание прозрачного механизма информирования, который позволяет странам Союза оперативно реагировать на нарушения, предотвращать обращение недоброкачественной продукции на общем рынке и обеспечивать защиту жизни, здоровья граждан и интересов потребителей.

При этом надо отметить, что на сегодня единая информационная система ЕАЭС до сих пор находится на стадии разработки и обсуждения. Хотя еще в 2021 году при принятии соглашения было предусмотрено функционирование общей системы информирования об опасной продукции. Как следствие, до сих пор не работает система обмена сведениями об опасной продукции и продукции, не соответствующей требованиям технических регламентов ЕАЭС. Правительству необходимо обратить особое внимание на этот вопрос.

Уважаемые коллеги! На основании вышеизложенного прошу поддержать данный протокол для защиты бизнеса от экономических рисков и защиты прав потребителей.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«2021 жылғы 16 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

2025 жылғы 28 ақпанда Астана қаласында қол қойылған бұл келісім заңсыз көші-қонға және трансшекаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы

халықаралық ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам.

Құжат екі елдің аумағына келу және болу шарттарына сәйкес келмейтін немесе сәйкес келмей қалған адамдарды анықтау және қауіпсіз әрі белгіленген тәртіппен қайтару бойынша тиімді рәсімдерді қалыптастыруға бағытталған.

Ең алдымен келісім сұрау салатын тараптың аумағына келу, онда болу немесе тұру шарттарына сәйкес келмейтін адамдарды қабылдау жөніндегі сұрау салынатын тараптың міндеттемелерін айқындайды. Атап айтқанда, үшінші мемлекеттің азаматтарын олардың азаматтығы бар елге, ал азаматтығы жоқ адамдарды соңғы уақытта тұрақты тұрған немесе оларға жол жүру құжатын берген мемлекетке қайтару қағидаты бекітілген. Сонымен қатар реадмиссия туралы сұрау салудың мазмұнына қойылатын талаптар, оны жолдау тәртібі мен қарау мерзімдері, қайтаруға жататын адамдарды тасымалдау шарттары мен тәсілдері белгіленген. Тасымалдау әуе және жерүсті көлігін қоса алғанда кез келген көлік түрімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Екіншіден, құжат дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қатаң кепілдіктерді көздейді, оның ішінде рұқсатсыз немесе заңсыз өңдеуден, сондай-ақ байқаусызда жоғалудан, жойылудан немесе зақымданудан қорғау шаралары қарастырылған. Сонымен бірге реадмиссия рәсімдеріне байланысты тараптардың қаржылық міндеттемелері, соның ішінде көлік және транзиттеуге арналған шығындарды бөлу, дауларды реттеу тәртібі, сондай-ақ келісімнің күшіне енуі мен қолданылуын тоқтату шарттары айқындалған. Қате реадмиссиялау жағдайларына ерекше назар аударылған. Мұндай жағдайда азаматтардың құқықтарын бұзбай рәсімдерді түзету тетігі көзделген.

Келісімді іске асыру үшін құзыретті органдар ретінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі және Аустрия Республикасының Федералдық ішкі істер министрлігінің Иммиграция және пана беру жөніндегі федералдық ведомствосы айқындалған.

Тараптардың құзыретті органдары өзара келісім бойынша реадмиссия немесе транзиттеу рәсімдерін қамтамасыз етуге көмек көрсетеді, оның ішінде тиісті адамдарды байқау және қажетті құралдар беру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Келісімді ратификациялау екі мемлекеттің құзыретті органдарының жедел әрі қауіпсіз өзара іс-қимылы үшін құқықтық негіз қалыптастырып, заңсыз көші-қонның алдын алу тетіктерін нығайтады және заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау мен транзиттеу рәсімдерінің тиімділігін арттырады. Қазақстан мұндай келісімдерді көптеген елдермен жасауда, бүгінгі күні Ресей Федерациясы, Германия, Нидерланд және Франция сияқты мемлекеттерді қоса алғанда жиырмадан астам екіжақты реадмиссия туралы келісім қолданыста бар. Цифрларға тоқталатын болсақ, 2025 жылы Ішкі істер министрлігі реадмиссия туралы 111 өтініш қарады, оның ішінде Ресейден 95, Германиядан 13, Нидерландыдан 1, Бельгиядан 1, Швейцариядан 1. Осылайша Аустрия Республикасымен жасалған келісімді қабылдау және ратификациялау құқықтық ынтымақтастықтың сенімді тетігін қалыптастырып, заңсыз жүрген адамдарды реттелген түрде қайтаруға ықпал етеді және көші-қон саласындағы халықаралық беделін нығайтады.

Келісімді іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Заң комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды. Парламент Сенатының тұрақты комитеттерінен ұсыныстар мен ескертулер түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?
Сөз депутат Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Вопрос к вице-министру внутренних дел Адилову.

Уважаемый Санжар Аскенович! В соответствии с нормами данного соглашения в отношении лиц, незаконно находящихся на территории Республики Казахстан, при соблюдении установленных процедур осуществляется их передача в государства гражданской принадлежности.

Вместе с тем анализ правоприменительной практики показал, что сама по себе процедура реадмиссии не исключает повторного въезда указанных лиц на территорию Казахстана спустя определенное время. В этом соглашении данный механизм прямо не урегулирован, что создает риски повторной незаконной миграции и дополнительную нагрузку на систему миграционного контроля.

В этой связи прошу разъяснить. Какие меры будут приняты для недопущения повторного въезда на территорию Республики Казахстан лиц, ранее подвергнутых реадмиссии? Каким образом это регулируется? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ішкі істер министрінің орынбасары Әділов Санжар Әскенұлы, жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Спасибо за вопрос, Андрей Иванович.

Что касается иностранцев, которым осуществлена реадмиссия, то им закрывается въезд в Республику Казахстан на пять лет. В единую специальную базу учета иностранных лиц вносятся соответствующие сведения, тем самым повторный въезд на территорию Республики Казахстан запрещен. Данные нормы урегулированы Законом Республики Казахстан «О миграции населения», статьей 48. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Аққожина Бибігүл Бүркітқызына беріледі.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Ішкі істер министрлігінің өкіліне.

Келісім ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін заңсыз көші-қон мен трансшекаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес саласындағы ынтымақтастыққа бағытталған. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Қазақстан азаматтарының Аустрия Республикасында және Аустрия азаматтарының Қазақстан аумағындағы қылмыстары тіркелген бе?

Аустриядан қанша адам экстрадицияланды?

Екі ел арасындағы заңсыз көші-қон салдарынан қаржы қаражатының көлеңкелі айналымы саласында құқық бұзушылық фактілері бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Санжар Әскенұлы, жауап беріңіз.

ӘДІЛОВ С.Ә. Бибігүл Бүркітқызы, сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, біз статистика бойынша соңғы үш жылды зерттедік, Аустрия азаматтары немесе Қазақстанның азаматтары ешқандай қылмыс жасамаған және ешқандай бұндай факті тіркелмеген. Бірақ шетелдіктерді ұстау туралы хабарламалар болса, онда біз консульдық өкілдеріне жібереміз. Сондықтан бұл Сыртқы істер министрлігінің құзыретіне жатады.

Жалпы экстрадиция мәселесіне келетін болсақ, қазіргі кезде бұл міндет Бас прокуратураға жүктелген. Алайда қазіргі таңда экстрадицияланатын тұлғалар жоқ, сондықтан бізде қазір осындай статистика. Сонымен қатар қылмыс, ауыр қылмыстарды немесе қаржымен байланысты қылмыстарды Қазақстан азаматтарының Аустрияде жасағаны немесе Аустрия азаматтарының Қазақстанда жасағаны жөнінде фактілер орын алмаған. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Мұрат Болатұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Медебаев Советбек Тұрсынұлына беріледі.

МЕДЕБАЕВ С.Т. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Халықаралық деңгейде көші-қонды реттейтін шарттар, әсіресе трансшекаралық мобильділіктің өсуімен байланысты заңсыз көші-қон мен көші-қон режимдерін теріс пайдалануды болдырмау үшін маңызды құқықтық тетіктерді айқындайды. Осы орайда қаралып отырған келісім заңсыз көші-қонға, трансшекаралық ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған маңызды қадам болып саналады.

Құжат екі елдің аумағына келу және болу шарттарына сәйкес келмейтін немесе сәйкес келмей қалған адамдарды анықтау, қауіпсіз әрі тәртіппен қайтару бойынша рәсімдерді тиімді әрі үйлесімді түрде реттеуге бағытталған. Келісімде тараптардың құқықтары мен міндеттері, процедуралық рәсімдер, қауіпсіздік пен жеке деректерді қорғау кепілдіктері қамтылған. Келісім аясында тараптардың жауапты құзыретті органдары өзара келісім негізінде реадмиссия немесе транзиттеу рәсімдерін жүзеге асырады.

Бұл құжат өз кезегінде Қазақстанның халықаралық құқықтық аренадағы беделін арттырып, Еуропа елдерімен серіктестікті жаңа деңгейге көтереді. Атап айтсақ, Қазақстан мен Аустрия арасында дипломатиялық қатынастар 1992 жылғы ақпанда орнатылған. Осы уақыттан бері екі ел арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстар тұрақты түрде дамып келеді. Бүгінде Аустрия Қазақстанның жетекші сауда әріптестерінің бірі болып есептеледі. 2025 жылы Қазақстан мен Австрия арасындағы тауар айналымы 300,2 миллион АҚШ долларын құрады. 2005 жылдан 2024 жылға дейін Аустриядан түскен тікелей инвестициялардың жалпы көлемі 3,1 миллиард АҚШ долларын құрайды.

Ресми мәліметтерге сәйкес Аустриядағы Қазақстан елшілігінде 647 азамат консулдық есепте тіркелген, олардың ішінде 51 азамат тұрақты тұрып жатыр, ал 596 азамат уақытша консулдық есепте тұр.

Келісімді ратификациялау заңсыз көші-қонның алдын алу тетіктерін күшейтіп, заңсыз жүрген адамдарды реттелген түрде қайтаруға мүмкіндік береді. Бұл келісім ұзақ мерзімді перспективада халықаралық стандарттарға сай тиімді, үйлесімді және сенімді құқықтық механизмдерді қалыптастырады. Осылайша Аустрия Республикасымен жасалған келісімді қабылдау және ратификациялау Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар қадам болып саналады.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған келісім екі ел арасындағы заңсыз көші-қонға қарсы шараларды қабылдау мақсатымен әзірленген. Осы құжат арқылы реадмиссия мен транзиттеудің құқықтық тетіктері айқындалып отыр. Келісімді ратификациялау тараптардың құзыретті органдарының заңсыз көші-қон саласындағы ынтымақтастығын арттыруды көздейді. Сондай-ақ бұл заң екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты одан әрі дамытуға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2026 жылғы 5 наурыз

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын қызметтерінен босату туралы

Об освобождении от должностей судей Верховного Суда Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы Д.М. МАЛАХОВТЫҢ баяндамасы

Доклад Председателя Высшего Судебного Совета Республики Казахстан МАЛАХОВА Д.М. 1

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Н.Қ. БЕКНАЗАРОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БЕКНАЗАРОВА Н.К. 2

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетілетін тауарлардың шығарылған жерін айқындаудың үйлестірілген жүйесі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о гармонизированной системе определения происхождения товаров, вывозимых с таможенной территории Евразийского экономического союза», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Ә.И. НӘУТИЕВТИҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству НАУТИЕВА А.И. 3

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БЕКЕНОВ Н.Ж. 4

КУШУКОВА Ж.С. – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министрі, вице-министр торговли и интеграции Республики Казахстан 5

АРУБАЕВ С.Қ. 5

КУШУКОВА Ж.С. 6

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. 6

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2021 жылғы 16 ақпандағы Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды (қадағалауды) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің көрсетілген саладағы заңнамасын үйлестіру мақсатында жүзеге асыру қағидаттары мен тәсілдері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Соглашение о принципах и подходах осуществления государственного контроля (надзора) за соблюдением требований технических регламентов Евразийского экономического союза в целях гармонизации законодательства государств – членов Евразийского экономического союза в указанной сфере от 16 февраля 2021 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Б.Н. ҚАНИЕВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству КАНИЕВА Б.Н. 8

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. 9

ӘБІЛДАБЕКОВ А.А. – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министрі, вице-министр торговли и интеграции Республики Казахстан 9

РЫСБЕКОВА Л.Т. 10

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Аустрия Республикасының Федералдық Үкіметі арасындағы заңсыз жүрген адамдарды реадмиссиялау және транзиттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Федеральным Правительством Австрийской Республики о реадмиссии и транзите лиц с незаконным пребыванием», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі М.Б. ҚАДЫРБЕКТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам КАДЫРБЕКА М.Б. 11

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЛУКИН А.И. 13

ӘДІЛОВ С.Ә. – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары, заместитель Министра внутренних дел Республики Казахстан 13

АҚҚОЖИНА Б.Б. 13

| | |
|--------------------|----|
| ӘДІЛОВ С.Ә. | 14 |
| МЕДЕБАЕВ С.Т. | 14 |

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК
Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева